

## Кеден одағы Комиссиясының 2011 жылғы 7 сәуірдегі № 607 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2016 жылғы 7 маусымдағы № 64 шешімі.

Санитариялық, ветеринариялық-санитариялық және карантиндік фитосанитариялық шараларды қолдану туралы хаттаманың (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 12 қосымша) 17-тармағына және Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің 2014 жылғы 23 желтоқсандағы № 98 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық комиссияның Жұмыс регламентіне № 2 қосымшаның 19-тармағына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы шешті:

1. Кеден одағы Комиссиясының "Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағына үшінші елдерден әкелінетін бақылаудағы тауарларға Бірыңғай ветеринариялық сертификаттардың нысандары туралы" 2011 жылғы 7 сәуірдегі № 607 шешіміне қосымшаға сәйкес өзгерістер енгізілсін.

2. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

Еуразиялық экономикалық комиссия  
Алқасының Төрағасы

T. Саркисян

Еуразиялық экономикалық  
комиссия Алқасының  
2016 жылғы 7 маусымдағы  
№ 64 шешіміне  
ҚОСЫМША

## Кеден одағы Комиссиясының 2011 жылғы 7 сәуірдегі № 607 шешіміне енгізілетін ӨЗГЕРІСТЕР

1. Мынадай мазмұндағы 45-тармақпен толықтырылсын:

"45. Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағына экспортталатын өнім бермейтін үй жануарлары мен терісі бағалы аңдар үшін азықтар өндіруге арналған жануарлардан алынатын тағамдық емес шикізаттың ветеринариялық сертификаты (№ 45 нысан) (қоса беріледі).".

2. Көрсетілген Шешіммен бекітілген Бірыңғай ветеринариялық сертификаттардың нысандары мынадай мазмұндағы Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағына экспортталатын өнім бермейтін үй жануарлары мен терісі бағалы аңдар үшін азықтар өндіруге арналған жануарлардан алынатын тағамдық емес шикізаттың ветеринариялық сертификатымен толықтырылсын (№ 45 нысан):

"№ 45 нысан

1. Жеткізудің сипаттамасы	1.5. Сертификат № _____	
1.1. Жүкті жөнелтушінің атауы және мекенжайы:	Еуразиялық экономикалық одактың кедендік аумағына экспортталатын өнім бермейтін үй жануарлары мен терісі бағалы андар үшін азықтар өндірге арналған жануарлардан алынатын тағамдық емес шикізаттың ветеринариялық сертификаты	
1.2. Жүкті алушының атауы және мекенжайы:	1.6. Тауарды шыгарған ел:	
1.7. Сертификат берген ел:	1.3. Көлік: (вагонның, автомашинаның, контейнердің, ұшак рейсінің №, кеменің атауы)	
1.8. Экспорттаушы елдің құзыретті ведомствосы:		
1.9. Экспорттаушы елдің сертификат берген мекемесі:		
1.10. Тауарларды кедендік шекара арқылы өткізу пункті:	1.4. Транзит ел(дер):	2. Тауарды сәйкестендіру 2.1. Тауардың атауы: 2.2. Тауар дайындалған күн: 2.3. Қаптама: 2.4. Орын саны: 2.5. Салмағы нетто (кг): 2.6. Пломба нөмірі: 2.7. Таңбалалу: 2.8. Сактау және тасымалдау талаптары:
3. Тауардың шыққан жері 3.1. Кәсіпорынның атауы, тіркеу нөмірі және мекенжайы: қасапханалық кәсіпорын (қасапхана пункті): ет өндейтін кәсіпорын: 3.2. Әкімшілік-аумақтық бірлік:		
4. Тауардың азыққа жарамдылығы туралы куәлігі		
Мен, төменде қол қойған мемлекеттік/ресми ветеринариялық дәрігер, осымен мыналарды куәландарамын:		
Сертификат мынадай экспортқа дейінгі сертификаттар* негізінде берілді (экспортқа дейінгі сертификаттар 2-ден артық болған жағдайда тізімі қоса беріледі):		

Күні	Нөмір i	Шыққ ан елі	Әкімшілік аумақ	Кәсіпо рынн ың тіркеу нөмірі	Тауар дың түрі мен саны ( салмаг ы нетто)
------	------------	----------------	--------------------	--	--

4.1. Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағына экспортталатын өнім бермейтін үй жануарлары мен терісі бағалы аңдар үшін азықтар өндіруге арналған жануарлардан алынатын, жануарларды немесе құстарды қасапханалық немесе ет өндеу кәсіпорындарында сою және өндеу кезінде алынған, оларға қатысты қандайда бір ветеринариялық-санитариялық шектеулер белгіленбекен және ветеринариялық қызметтің бакылауында болып табылатын тағамдық емес шикізат.

4.2. Өнім бермейтін үй жануарлары мен терісі бағалы аңдар үшін азықтар өндіруге арналған жануарлардан алынатын тағамдық емес шикізат алынған жануарлар сою алдында ветеринариялық тексеруге, ал олардың ұшалары, басы мен ішкі органдары – сойғаннан кейін ветеринариялық-санитариялық сараптауға жатады.

4.3. Өнім бермейтін үй жануарлары мен терісі бағалы аңдар үшін азықтар өндіруге арналған жануарлардан алынатын тағамдық емес шикізат жануарлардың мынадай жұқпалы ауруларынан ресми еркін шаруашылықтардан немесе әкімшілік аумактардан шыққан жануарларды сою және өндеу кезінде алынуы тиіс:

барлық жануарлар үшін (құстардан басқа):  
аусыл – елдің аумағында немесе аймақтандыруға сәйкес әкімшілік аумакта соңғы 12 ай ішінде;  
сібір жарасы – шаруашылықта соңғы 20 күн ішінде.

Ірі қара мал:

ірі қара малдың обасы, жұқпалы (контагиозды) плевропневмониясы (өкпені әкелу (өткізу) жағдайында) – ел аумагында немесе аймақтандыруға сәйкес әкімшілік аумакта соңғы 24 ай ішінде;

ірі қара малдың кеміктәріздес энцефалопатиясы. Шикізат ірі қара малдың кеміктәріздес энцефалопатиясымен ауырмagan отардан алынады және жануарлар ірі қара малдың кеміктәріздес энцефалопатиясымен ауырған жануарлардың үрпағына жатпайды; жануарларды азықтандыру үшін, МЭБ Кодексімен пайдалануға рұқсат етілген компоненттерді коспағанда, күйіс қайыратын жануарлардан алынған акуыздар пайдаланылмаған;

жануарлар сою алдында жануарлардың ми сауытына сығымдалған ауа немесе газ жіберу механизмінің көмегімен есептірлемеген және бас миын тесуге ұшырамаған; жануарлардың ұшаларынан ерекше тәуекел материалдары МЭБ Кодексінің ұсынымдарына сәйкес алып тасталған.

Қойлар және ешкілер:

қойлардың скрепи – МЭБ Кодексінің ұсынымдарына сәйкес;  
күйіс қайыратын ұсак малдың обасы – ел аумағында немесе аймақтандыруға сәйкес әкімшілік аумақта соңғы 36 ай ішінде;  
ірі қара малдың обасы – ел аумағында немесе аймақтандыруға сәйкес әкімшілік аумақта соңғы 24 ай ішінде.

Шошқалар:

шошқалардың африкалық обасы – ел аумағында немесе аймақтандыруға сәйкес әкімшілік аумақта соңғы 36 ай ішінде;

шошқаның везикулярлық ауруы – ел аумағында немесе аймақтандыруға сәйкес әкімшілік аумақта соңғы 24 ай ішінде немесе "стэмпинг аут" жүргізілген ел аумағында немесе аймақтандыруға сәйкес әкімшілік аумақта соңғы 9 ай ішінде;

шошқаның класикалық обасы – ел аумағында немесе аймақтандыруға сәйкес әкімшілік аумақта соңғы 12 ай ішінде;

Ауески ауруы (жалған құтыру) – бастары мен ішкі органдарын әкелу (өткізу) жағдайында МЭБ Кодексінің ұсынымдарына сәйкес ел аумағында.

Құстар:

МЭБ Кодексіне сәйкес міндетті декларациялауға жататын құс тұмаяуы – ел аумағында немесе әкімшілік аумақта соңғы 12 ай ішінде немесе "стэмпинг аут" жүргізген және аймақтандыруға сәйкес эпизоотикалық бақылаудың теріс нәтижелері кезінде соңғы 3 ай ішінде;

Ньюкасл ауруы – ел аумағында немесе әкімшілік аумақта соңғы 12 ай ішінде немесе "стэмпинг аут" жүргізген және аймақтандыруға сәйкес эпизоотикалық бақылаудың теріс нәтижелері кезінде соңғы 3 ай ішінде.

Жылқылар:

жылқының африкалық обасы – ел аумағында немесе аймақтандыруға сәйкес әкімшілік аумақта соңғы 24 ай ішінде;

манқа – ел аумағында немесе аймақтандыруға сәйкес әкімшілік аумақта соңғы 36 ай ішінде;

жылқының жұқпалы анемиясы – шаруашылық аумағында соңғы 3 ай ішінде;

эпизоотикалық лимфангоит – шаруашылық аумағында соңғы 2 ай ішінде ауру жағдайлары тіркелмеген.

Үй кояндары:

үй қояндарының вирустық геморрагиялық ауруы – шаруашылықта сою алдында соңғы 60 күн ішінде ауру жағдайлары тіркелмеген.

Өнім бермейтін үй жануарлары мен терісі бағалы аңдар үшін азықтар өндіруге арналған жануарлардан алынатын тағамдық емес шикізат трихинеллезге теріс нәтижелермен зерттелген немесе кестеде көрсетілгендей мұздатылған шошқаның ұшасынан алынды:

Уақыт (сағат)	Температура (°C)
106	-18
82	-21
63	-23,5
48	-26
35	-29
22	-32
8	-35
½	-37

4.4. Ұшалардан алынған жануарлардан алынатын өнім бермейтін үй жануарлары мен терісі бағалы аңдар үшін азықтар өндіруге арналған жануарлардан алынатын тағамдық емес шикізат: сойғаннан кейінгі ветеринариялық-санитариялық сараптама кезінде, сондай-ақ әртүрлі заттармен улану кезінде жұқпалы ауруларға, гельминттермен зақымдануға тән өзгерістері болмайтын; сақтау кезінде дефростацияға ұшырамаған; бүліну белгілері болмаган мұздатылған тағымдық емес ет шикізаты үшін бұлшықет қалындығында минус 18 °C артық және салқындастылған шикізат үшін плюс 4 °C артық температурасы болмаган.

4.5. Өнім бермейтін үй жануарлары мен терісі бағалы аңдар үшін азықтар өндіруге арналған жануарлардан алынатын тағамдық емес шикізат мынадай ветеринариялық-санитариялық талаптарға жауап беруі тиіс:

жалпы микробтық саны, КОЕ/г – 5 x 106;  
25,0 г-ғы сальмонелла – жол берілмейді (азықтандыру алдында жануарлар жылулық өндеуге ұшырамайтын терісі бағалы аңдардың азығына арналған жануарлардан алынатын тағамдық емес шикізат үшін ғана);  
1,0 г-ғы ішек таяқшаларының энтеропатогендік типтері – жол берілмейді;  
корғасын – 10,0 мг/кг артық емес;  
кадмий – 0,5 мг/кг артық емес;

мырыш – 2,0 мг/кг артық емес;

сынап – 0,3 мг/кг артық емес.

Өнім бермейтін үй жануарлары мен терісі бағалы аңдар үшін азықтар өндіруге арналған жануарлардан алынатын тағамдық емес шикізат құрамындағы цезий-137 және стронций-90 мынадай көрсеткіштер аспауы тиіс: цезий-137 – 600 бк/кг, стронций-90 – 100 бк/кг.

4.6. Өнім бермейтін үй жануарлары мен терісі бағалы аңдар үшін азықтар өндіруге арналған жануарлардан алынатын тағамдық емес шикізат қаптада немесе полиблокта таңбалануы тиіс. Этикетка қаптамаға этикетканы қайта пайдалану мүмкіндігін болдырмайтын тәсілмен жapsырылуы тиіс. Егер қаптаманың конструкциясы оны заңсыз ашудың алдын алмайтын жағдайда этикетка қаптаманы кез келген ашудың этикетканың тұтастығын бұзуға алып келетіндегі етіп орналастырылуы тиіс.

4.7. Өнім бермейтін үй жануарлары мен терісі бағалы аңдар үшін азықтар өндіруге арналған жануарлардан алынатын тағамдық емес шикізатпен тікелей қатынаста болатын қаптама бір реттік болуы және Еуразиялық экономикалық одақтың талаптарына сәйкес келуі тиіс.

4.8. Көлік құралы экспорттаушы елде қабылданған қағидаларға сәйкес өндедлі және дайындалды.

Орны \_\_\_\_\_ Күні \_\_\_\_\_

Мөр

Мемлекеттік/ресми ветеринариялық дәрігердің қолы

\_\_\_\_\_

Т. А. Ә. және лауазымы \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

Ескертулер:

1. Қолы мен мөр бланк түсінен ерекшеленуі тиіс.

2. Ветеринариялық сертификат орыс тілінде, сондай-ақ экспорттаушы елдің тілінде және (немесе) ағылшын тілінде рәсімделеді.

\* Еуропалық одаққа мүше мемлекеттер үшін. Бұл ретте экспортқа дейінгі сертификат деп Еуропалық одақ аумағында өткізу үшін Еуропалық одаққа мүше мемлекеттің құзыретті органының сертификаттаушы лауазымды тұлғасы берген және онда көрсетілген ветеринариялық бақылауға (қадағалауға) жататын тауарлардың Еуразиялық экономикалық одақтың ветеринариялық-санитариялық талаптарына жауап беретінін растайтын ілеспе құжат (ресми сертификат) танылады".

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК